

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ
7 - қазан, 2022 ж.

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI
ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР
МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-
практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ

7 - қазан, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
«ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И
ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой
7-октября, 2022 г.

COLLECTION

Collection materials of the International scientific and practical Conference
«PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND
SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova

October -7, 2022 y.

Астана, 2022

ӘӨЖ 37.0
БКК 74.00
П 82

Редакция алқасы:

Ж.Д.Курманғалиева - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

ISBN 978-601-337-713-1

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

ӘӨЖ 37.0
БКК 74.00
П 82

ISBN 978-601-337-713-1

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

@Астана, 2022

3. Философия и методология педагогики: научные школы стран СНГ и Республики Казахстан: хрестоматия. Под ред. д.филос.н., профессора А.Р. Масалимовой. - Алматы: Қазақ университеті, 2017 .- 402 с.
4. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340 бет.
5. П.И. Пидкасистый, А.М.Столяренко. Педагогическое общество Психология и педагогика: учебник /– 5-е изд., допол. и перераб. – М. 2010. - 714
6. Андреев В.И. Практикалық әрекетті эвристикалық бағдарламалау. - М.: орта мектеп, 1981. - 240 б.
7. Подласый И.П. Педагогика: Учебник для студ. пед. вузов: в 2 кн. – М.: ВЛАДОС, 2000. – Кн. 1: Общие основы. Процесс обучения. – 576 с.
8. Кувшинов А.В. Формирование профессиональной самооценки будущих учителей физической культуры: дис. ...канд.пед.наук. – Тула, 2000. – 220 с.
9. Ертарғынқызы Д. Жоғары мектепте болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби идеалын қалыптастыру жүйесі. 6D012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. 152 б.2017.
10. Жолдасбекова С.А., Иманкулова Л.Б., Каратаев Г.С., Мокроусова А.Е. Факторы, влияющие на формирование научно-исследовательских способностей учащихся //// Международный научный журнал «Гуманитарийум» – 2018. – №3 (8). – С.15-21.
11. Коваленко О.Г., Н.А.Шишкина. Педагогическая деятельность преподавателя в обучении дисциплинам студентов вуза. //Молодой ученый.- 2015. №21(101). С.790-792.

37.1174

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ КЛИНИКАЛЫҚ -ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тогызбаев А М.

Психология мамандығының 1 курс магистранты

Айкинбаева Г.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен болатын [1]. Осыған байланысты қоғам алдында оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағытталған міндеттер қойылып отыр. Еліміздің

әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. Жалпы орта білім беретін мектепте үлгерімі төмен балалар тобында психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар кездеседі [2].

Психикалық дамуы тежелген балалар – оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Мұндай балалар білімі мен дағдыларына, тұлғалық жетімділігіне мінез-құлқына байланысты мектепте оқуды бастауға дайын емес. Олар оқуда көп қиыншылықтар көреді: мектепте орнатылған тәртіп нормаларын сақтау оларға аса қиын. Оқудағы қиыншылықтар олардың жүйке жүйесінің әлсіреуінен тереңдей түседі – жүйкесі тозып, соның салдарынан олар тез шаршайды, жұмысқа қабілеті төмендейді, бастаған жұмысын аяқтамайды [3].

Психологиялық дамуы тежелген балалар деген термин 5 - 6 жастан бастап 10 - 12 жас аралығында жиі кездесетін психикалық дамуы әртүрлі дәрежеде тежелуі немесе уақытша дамымауы нәтижесінде мектеп жасына келсе де, балалық мінездерден, ойындардан арылмаған, ынта-жігері, ақыл-ойы, мектепте оқуға дайындығы өзі қатаралы балалармен салыстырғанда әлі жетілмеген балалар тобына қолданылады.

Осы саладағы көптеген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл топқа жататын балаларда кездесетін этиопатогенетикалық өзгерістер, әсіресе орталық жүйке жүйесінде кездесетін зақымданулар кемақыл балаларда кездесетін өзгерістермен салыстырғанда әлдеқайда жеңілдеу, мидың белгілі бір бөліктерінде диффузиялы таралу түрінде кездесетіні немесе орталық жүйке жүйесінің тек әрекеті ғана зақымданатыны анықталған. Бұл ауытқулардың негізгі себебі, кейбір жағдайларда тек қана отбасындағы әлеуметтік, тәрбие және дұрыс күтім мен қадағалау мәселелерінің дұрыс шешілмеуі болып табылды.

Психикалық дамуы тежелген балаларға тән белгілер олардың жалпы танымдық әрекетінің дұрыс қалыптаспауынан, сезімдік, эмоциональдық - жігер, жеке басына көз қарасының төмендеуінен туындайды. Бұл өзгерістер өтпелі, егер балалардың жалпы жағдай жақсарса, оларға көзқарас өзгеріп, орын алған патологиялық процесстер анықталып дер кезінде емдеу, педагогикалық түзету әдістері қолданылса кемістік белгілері жеңілденіп, балалар өздері қатарлы дұрыс дамыған балалармен бірдей дәрежеде қалыптасулары мүмкін. Ол үшін кемістіктің белгісі біліне бастағаннан - ақ мамандардың қадағалауында болып, олардың ақыл - кеңесін орындау керек [4].

Психикалық дамуы тежелген балаларды жан-жақты зерттеу 1960 жылдардан басталады, өйткені осы жылдары енгізілген міндетті орта білім беру жүйесіндегі өзгерістер, жалпы білім беретін мектептердің бағдарламаларының күрделенуі көптеген балалардың сабақ үлгерімін төмендетті. Тіптен кейбіреулері бағдарламаны игере алмады, білім сапасы төмендей бастады. Осы кезеңде шет елдерде оқу үлгерімінің сапасы, білім деңгейін көтеру бағытында ғылыми зерттеулер қалыптаса бастады. АҚШ, Англия, Германия сияқты дамыған мемлекеттерде сабақ үлгерімі төмен, оқуға ынтасы аз балаларды ғылыми психологиялық, педагогикалық тәсілдермен зерттеу арқылы

"оқуға қабылеті төмен", "оқытуда қиындықтар кездесетін", "педагогикалық дұрыс тәрбие алмаған", "тәртібі бұзылған", "бейімделмеген", "миында болмашы зақымданулары бар" балалар деген топтар айқындала бастады. Мектеп жасындағы бұл балалардың бәріне тән кемістік - бастауыш сыныптарда анық байқалатын психикалық дамуларының кейбір түрлерінің тежелуі, немесе уақытша қалыптаспауы. Зерттеу барысында қолданылған арнайы педагогикалық-психологиялық түзету әдістері атарлықтай нәтиже берген. Осыдан барып, егер балалардың жағдайы дер кезінде педагогтар мен психологтар және дәрігерлердің бірлескен тексеруімен дұрыс анықталса, тиісті түзету әдістері қолданылса, бұл балалардың жүре келе жалпы жағдайы жақсарып, ойлау, ақыл - есінің дамуы, сабақ үлгерімі жақсарып, өзі қатар дұрыс дамыған балалардан айырмашылығы болмауы мүмкін.

Осы бағыттағы зерттеу жұмыстарында Сухарева Г.Е., Власова Т.А., Певзнер М.С. Лубовский В.И., Лебединская К.С. жоғарыда көрсетілген топтардағы балалардың бәрінде әртүрлі дәрежеде психикалық функциялардық тек тежелуі ғана болатынын анықтады. Оларды кемақылдылықтың жеңіл түрлері кездесетін балалардан ажырату үшін, Сухарева Г.Е. "психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар", немесе біздің елдегі дефектология саласында қалыптасқан "дети с задержанным темпом психического развития (ЗПР)" деген терминді енгізді. Бұл термин осы уақытқа дейін бұрынғы дәрежесінде қолданылады. Осымен қатар, ПДТ балаларда кездесетін этиопатогенетикалық өзгерістердің сапасы анықталды. Ең негізгісі, бұл балалардың орталық жүйке жүйесіндегі өзгерістер күрделі емес, жеңіл, өтпелі екені анықталды. Кейбір жағдайда мида патологиялық өзгерістер тіптен байқалмайды, тек қана оның әрекеті әртүрлі себептердің салдарынан уақытша нашарлайтыны анықталды [5].

Психикалық дамудың тежелуі – бұл баланың ойлау қабілетінің жасына сәйкес келмеуі. Баланың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себептері түрлі болуы мүмкін. Психикалық дамудың негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан байқалады. Оның негізгі белгілері: сабаққа белсенділігі байқалмайды, берілген тапсырманы үлкендердің көмегінсіз дұрыс орындай алмайды, сыныптастарымен аз араласады, өз ойын ашық айта алмайды, оқу мен жазуда, есептеуде көп қателер жібереді, тез шаршағыш, зейіні тұрақсыз болады.

М.С Певзнер және Г.А Власова оқу үлгермеушілік себебін анықтауда жан-жақты зерттеулер жүргізді. Еліміздің әр түрлі аймағында оқушылардың тұрақты үлгермеушілік жиынтығын клиникалық-психологиялық-педагогикалық тексеру және талдау негізінде психикалық дамуы тежелген балалар категориясы анықтады [6]

Кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың сипаттамаларына байланысты К.С Лебединская былай топтастырды:

-Психикалық дамуы тежелуінің конституционалды түріне психикалық және психофизиологиялық инфантилдікті жатқызады. Бұл топ кіші мектеп оқушысы

және жеткіншектің психикасы төмен жастағы бала жасына сай келеді. Тәртібі ойын қызығушылығының басымдылығымен сипатталады.

-Психикалық дамуы тежелуінің соматикалық түрі бұл – ұзақ созылмалы ауру нәтижесінде (туа және жүре пайда болған ішкі ағзалардың зақымдануы) пайда болады. Бұл балалар психикалық дамуы темпінің баяулығы, тұрақты астения, шаршауының жоғарылығы, сабақта және ойын кезінде енжар қызығушылығының тұрақсыздығымен сипатталады.

-Психикалық дамуы тежелуінің психогенді түрі – тәрбиенің қолайсыз жағдайымен көрінеді. Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылмауы, жанұядағы келеңсіз жағдай, бақылаусыз жүргені, мектеп бағдарламасын қабылдауға қажетті іскерліктер, сонымен қатар дағдыларының жеткіліксіздігі, баланың бейімделуіне, оқудағы қиындығына әкеледі.

-Психикалық дамуы тежелуінің күрделі және ерекше түріне церебралді-органикалық түрін жатқызады. Бұл топтағы балалар таным әрекетінің көңіл - күй, ерік-жігерінің жеткіліксіздігімен көрінеді. Дамуының баяу темпімен қатар орталық жүйке жүйесінің зақымдалу белгілері байқалады. Оларда оқу іс-әрекетінің төмен болуы, бағаға қызығушылығының жоқ болуы анықталған.

Соңғы кездерде дәрігерлік-әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, осы психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшеліктерін мына себептермен байланыстырады:

-жатыр ішіндегі балаға әр түрлі сыртқы факторлардың әсер етуінен іштегі балаға зақым келуі;

-болашақ ананың егде жасы, жүктілік алдындағы бойы мен салмағының қалыптан тыс болуы;

-анасының созылмалы аурулары: әсіресе диабет, резус факторларының сәйкес келмеуі, жүктілік кезінде жұқпалы аурулары;

-жанұясындағы психикалық, неврологиялық, психикалық-соматикалық аурулары;

-мерзіміне жетпей босану, баланың туылған кездегі аз немесе үлкен салмағы;

-патологиялық босану, туу кезіндегі жарақат т.б;

-бала дамуындағы әлеуметтік жағдайы – жанұя, мектеп, ересектермен қарым-қатынастың аздығы, соның салдарынан балада сөз қорының аз болуы, көңіл-күйінің төмендігі, ортада қарама-қайшы әрекеттің нәтижесінде дұрыс тәрбие алмауы, баланың мектеп жүйесіне бейімделуіне қиындық туғызады;

-денсаулық жағдайы, жүйке жүйесінің зақымдануынан дамудың дұрыс болмауы, созылмалы қабынулардан баланың психикалық тонусының төмендігі).

Психикалық дамуының тежелуі бар балалардың оқу үлгерімі ерекшеліктеріне келетін болсақ, бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 1

сыныптан бастап көріне бастайды. Оқу үдерісінде олардың оқу дағдыларындағы кездесетін кемшіліктері:

- сабақ процесіне жай қосылады;
- оқу материалын жай немесе тіптен қабылдамайды;
- берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындай алмайды;
- оқу мен жазуы баяу;
- оқыған мәтінді түсінбейді және түсінгенін айтып бере алмайды;
- есептер шығарған кезде үлкен қателер жібереді;
- тез шаршағыш;
- сыныптастарымен аз араласады;
- өз ойын анық айта алмайды;

Мұндай балалардың жұмыс қабілетінің төмендеуі және зейін тұрақсыздығы әр балада түрлі көрініс табады. Осылайша кейбіреулерінде аса жоғарғы зейін қоюы және неғұрлым жұмысқа деген жоғарғы қабілеті тапсырманы бастағанда байқалады да, оны орындау барысында төмендей береді. Бұл енді бірінде –зейіннің артуы жұмыстың біраз уақыты өткен соң басталады, ал тағы басқаларында зейін қоюы және жұмыс қабілеті біркелкі болмай, мезгіл-мезгіл толқып тұрады.

Психикалық дамуы тежелген балалар зейіннің ерекшеліктері оның тұрақсыздығынан, бір объектіге тұрақты көңіл бөле алмайтындығынан көрінеді. Басқа да сыртқы қоздырғыштардың болуы бұл оқушылардың жұмысын тежеп, қате жіберуін арттырады. ПДТ балаларда қабылдау қабілетінің дамуы да төмен, мұны балалардың қоршаған әлем туралы білімдерінің жеткіліксіздігінен, шектеулігінен, үзік-үзіктігінен, әдеттегі қалыптан басқаша тұрған заттарды, сызбалық бейнелерді тани алмайтындығынан (егер олар сызылып тасталған немесе бірінің үстіне бірі орналастырылған болса) байқауға болады. Есте сақтау процестерін зерттеу ырықты есте сақтау нәтижесінің жеткіліксіздігінен, есте сақтау көлемінің аздығын, есте қайта жаңғырту қиынға түсіп, оның нақты болмайтынын көрсетті. Мұндай балалардың танымдық қызметінің дамуында да айқын артта қалушылық пен өзгешеліктері бар. Олардың барша ойлау формаларының артта қалуы байқалады, мектептегі оқудың басталуына қарай мұндай балаларда, әдетте әлі негізгі ойлау операциялары талдау, топтау, салыстыру, қорыту қалыптаспаған. Танымдық белсенділігінің төмендігі айқындалған. ПДТ балалардың тіл байлығы әдеттегі балаларға қарағанда 20-30% төмен деңгейде. Сөздік қорында бар сөздердің өзін қолданғанда, олар көбінесе қате жіберіп, сөз мағынасын толық түсінбейтінін көрсетеді. ПДТ оқушылардың грамматикалық қорыта білуі әлсіз, олардың сөйлеу тілінде грамматикалық конструкцияларды дұрыс қолданбауы жиі кездеседі. ПДТ балалардың мінез-құлқы да өзіндік ерекше. Мектепте олар өздерін әлі мектепке дейінгі жастағы кішкене балалар сияқты ұстайды. Оларда оқуға деген қызығушылығы жоқ немесе аса әлсіз, мектепке деген жағымды қатынасы да байқалмайды. Олардың жетекші қызметі –әлі де ойын болып қалады. Жүйелі түрде оқыту басталғанға дейін ПДТ

балаларда ойын әрекетінің жоғарғы формасы – сюжеттік-рөлдік ойын қалыптаспаған, шын мәнінде баланы өз қызметінің жаңа түрін – оқу қызметін орындауға дайындайтын ойынның осы формасы, тіпті ойынды ересектер немесе дұрыс дамып келе жатқан құрдастары ұйымдастырған жағдайда да бұл балалар өзіне бөлінген рөлді орындай алмай, біреуінен екіншісіне ауысып, манипуляциялық әрекет жасайды.

Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының түрлері көп. Түзету жұмыстарын жүргізудің принциптері төмендегідей:

- баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау;
- шаршап кетпеуін анықтау;
- оқу әрекетін ойын түрінде ұйымдастыру, кеңістікті бағдарлауын дамыту;
- сыныптан тыс тәрбие сағаттарына қатыстыру;
- ойын дағдыларын оқу әрекетіне аудару;
- арнайы әдістемелермен оқытуды ұйымдастыру;
- жылдық диагностикалық даму деңгейін салыстыру [7].

Мамандардың оқыту түзету процесінде әдістемелік нұсқауларды дұрыс және жоғары деңгейде ұйымдастыруына байланысты психикалық дамуы тежелген балаларды өз жасындағы балалардың даму деңгейіне жеткізуге болады. Білім беру мекемесінде оқитын ПДТ балалар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Психолог, сынып жетекшісі, ата-ана тығыз байланыста болған жағдайда баламен жүргізілетін жұмыс нәтижелі болады, яғни баланың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру арқылы түзете дамыту жұмыстарын жүргізу тиімді. ПДТ баламен жүргізілетін жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастыру керек. Дидактикалық материалды жеткілікті түрде қолдану, қазақ тіліндегі оқулықтардың жеткілікті болуы, көрнекі құралдардың эстетикалық және педагогикалық талаптарғасәйкес келуі, ойын құралдарының әртүрлілігі, іс-әрекеттен тыс техникалық құралдардың жеткілікті қолданылуы – бұл баланың сөз сөйлеуін жақсы меңгеруінің бір шарты болып табылады. Танымдық және сөйлеу іс-әрекетінің дамуына жеткізетін әдістерінің бірі – ойын. Ойын баланың өзінің қарым-қатынасқа деген қажеттігін, сезімдерін, ойларын және эмоцияларын сыртқа шығаруын қамтиды. Ойынды дұрыс ұйымдастыру арқылы баланың сөздік қоры дамиды, басқа балалармен қарым-қатынаста өзін еркін сезінуі және қоршаған ортаға байланысты білімдерін кеңейтеді. Ойын барысында қолданған сөздерді бала күнделікті өмірде қолданатын сөздік қорына кіргізеді. Бала белгілі әлеуметтік ортада өсіп, айналасындағы заттар мен құбылыстарды танып біледі, олармен тікелей қарым-қатынастарда әсерленіп, бойындағы табиғи қасиеттерін жетілдіріп, ақыл-ой сезімін таным әрекетімен байланыстырады. Сезімнің бұл түрі балалардың оқып білім алуын, дүниетанымын, көзқарасын қалыптастырады. Баланың шындықты тануға деген ең алдымен таңданудан басталады, таңдауы баланың бәрбірнәрсенің, құбылыстың, оқиғаның мән-жайын жан-жақты танып, оларды тереңірек түсінуіне жетелейді, оның ізденімпаздық әрекетін тудырады [8].

Психикалық дамуы тежелген балаларды оқытудың негізгі әдісі біріктіру болып табылады. Қазіргі шақта біріктіру – зейін орталығы. Біріктіре оқыту арқылы бала дамуының ерекшеліктерінен жалпы білім беру стандартының қалыпты уақытқа жақын болуымен сипатталады. Біріктіру әдісі білімді түзетудің, дамытудың заңдылығы болып есептеледі. Тұжырымдамаға сәйкес біріктіре оқыту келесі қағидалар негізінде жүргізіледі:

- дамуындағы кемшілікті ерте бастан түзету, дамуында ауытқуы бар балалардың бірнеше қызметтерін қалпына келтіру қабілеттері;
- біріктіре оқыған әрбір балаға түзету көмектері міндетті;
- біріктіре оқуға негізделген балаларды таңдау;

Психоэмоционалдық дамуы терең бұзылған балалар қалыпты балалар арасында тәрбиелене алмайды. Өйткені, оларда сабақ барысында жиі ашушаңдық, мұғалімнің сөзін елемей, сыныптастарымен араласқанды ұнатпайды, тез реншігіш болып келеді. Өз дегені болмаса тіпті сабаққа ынта аудармайды. Мұндай балалардың жұмыс қабілетінің төмендеуі және зейін тұрақсыздығы әр балада түрлі көрініс табады. Осылайша кейбіреулерінде аса жоғарғы зейін қоюы және неғұрлым жұмысқа деген жоғарғы қабілеті тапсырманы бастағанда байқалады да, оны орындау барысында төмендей береді; енді бірінде – зейіннің артуы жұмыстың біраз уақыты өткен соң басталады. Психикалық дамуы тежелген балалармен дәрігерлік-психологиялық-педагогикалық және түзету шараларын жүргізгенде мамандар мынадай маңызды ұстамдарды сақтауы тиіс: жеке және топ арқылы олармен түзету-дамыту сабақтарын жүргізу, қимыл-қозғалысы мен психикасының дамуының жетілуін бағалап жетілдіре түсу, психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық қауіпсіздігін сақтау, сол ортаға мейірімділік пен қамқорлық жағдайын туғызу, олардың қиыншылығын түсіну және жағдай жасау.

Психикалық дамудың тежелуіне тән белгілер:

- тез жалығу мен шаршаудың әсерінен ынта мен қабілеттің төмендеуі;
- сезім мен еріктің жетілмеуі;
- жалпы мәлімет пен елестету қорының шектелуі;
- сөздік қорының жеткіліксіздігі;
- интеллектуалды іскерлік, ойлау әдетінің қалыптасуы;
- ойын іскерлігінің толық қалыптаспағандығы;
- қабылдаудың баяулауы;
- сөйлеу логикалық операциясының ойымен қиылыспауы;
- ақыл – естің барлық түрлерінің бұзылуы;
- сенсорлық мәліметтерді қабылдау мен оны түсіну мерзімінің ұзақтығы;
- өзін – өзі бақылау деңгейінің төмендігі;

-мектеп жасына келгенде оқу, ойлау операциясының қалыптаспауы – талдау, жинақтау, салыстыру, қорыту әдістерінің негіздерін түсінбеу.

Осы өзгерістердің дәрежесіне сай, баланың жасын ескере отырып, оларды әлеуметтік бейімдеу, тәрбиелеу, оқыту және түзету жолдарын айқындайды. Нәтижелі арнайы әдістерді қолдану осы балаларға арналған арнайы балалар

бақшаларымен мектептерде, мектеп - интернаттарда, немесе жалпы мектептің арнайы түзету сыныптарында дұрыс жолға қойылған.

Мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балаларды қалыптастыру негізінен осы балаларға арналып жасалған оқу бағдарламасымен жүргізіледі. Оқу жоспары бойынша балалардың танымдық әрекеттерін дамыту, қоршаған ортамен танысу және әртүрлі құбылыстардың себебін және оның өзгерістерін анықтау, тіл дамыту, еңбекке баулу, әртүрлі пәндерді арнайы дидактикалық әдістемелермен игеру қарастырылған. Психикалық дамуында уақытша тежелуі бар балалардың кемақыл балалардан тағы бір айырмашылығы, көрсетілетін арнайы көмекті дұрыс қабылдауы және ұжымшылдыққа, режимдік кестелерге, оқыту процесстеріне, тәрбиелеу әдістеріне тез бейімделуі. Осымен қатар, олар сыртқы ортадағы көптеген құбылыстар жөнінде өздеріне тән тұжырымдар жасай алады, бірақ алғашқы кезде білгендерін дұрыстап айтып, жеткізе алмайды, ал жүре келе көптеген кемістіктері түзеледі.

Қорыта келгенде психикалық дамуы тежелген баланы дамыту барысында жұмыс нәтижелі болу үшін, әр баланың физиологиялық, психологиялық, жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаны дамыту жұмыстарын дұрыс және тиімді ұйымдастыру болып табылады. Түзете-дамыту жұмыстарында төмендегі мәселелерге көңіл бөлген жөн: психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық және тұлғалық ерекшеліктері сауат ашуға, жазуға, математикаға, еңбекке үйрету, кезінде оқу мазмұнын басқаша іріктеуді қажет етеді. Бірінші кезекте оқуға деген жағымды түрткі қалыптастырып, жақын эмоционалды көріністерді тудыратын, ой-өрісін кеңейтетін материал алынады. Дамуы баяу балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру, оқу материалын жай бөліп қоймай, керісінше жалпы дамуға бағытталған жаңа бағдарлама (баланың қоршаған ортаға бейімделуі, мінез-құлық ерекшеліктері, өзін-өзі төмен бағалауы, қоршаған ортаға сенбеушілікпен қарауы, өз күшіне деген сенімсіздігі, белсенділігі төмен) құруды талап етеді. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру.

Әдебиеттер:

- 1.«Қазақстан Республикасының Білім Туралы Заңы №319» 27 шілде 2007ж.
- 2.Кушербаев А. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері //Дефектология. №3. 2011. -3-7б.
- 3.Кальпебаева Г. Психикалық дамуы тежелген балаларды ақыл-есі төмен балалардан ажырату». //Дефектология. №4. 2020. -45-48б.
- 4.Кушербаев А. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері //Дефектология. №3. 2011. -15-18б.

5. Кальпебаева Г. Психикалық дамуы тежелген балаларды ақыл-есі төмен балалардан ажырату». //Дефектология. №4. 2020. -35-38б.
6. Шевченко С.Г. Коррекционно-развивающее обучение. Организационно - педагогические аспекты. М., Владос, 2001. -275с.
7. Ерсарина А.К. Коррекция нарушений письма и чтения у детей. – Алматы, 2014. -215с.
8. Өмірбеков Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия оқулық. -Алматы, 2011. -198б.

ӘОЖ 37.091.3

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ПӘНДІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМІН ДАМУДЫҢ ЫҚПАЛДЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Тоқтағанова А.С.

Педагогикалық шеберлік орталығы Тараз қаласындағы филиалы, аға менеджері
Тараз қ.,

Қожагелдиева Ұ.А.

Жамбыл облысы, Тараз қаласының білім бөлімі, Төле би атындағы №8 гимназиясы директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
Тараз қ.

Оқытудың табыстылығы мен білім сапасының дәлелі – оқушының оқу нәтижесі. Ал бағалау құралдары уақыт өте келе жүйемен бірдей өзгеріп, жетілдіріліп келеді. Соңғы уақытта білім беру саласындағы бағалау дәлелдемелерінің нақтылығымен сипатталады. Бағалау тақырыбы қай бағытта болса да, білім алушылардың нәтижелеріне қаншалықты ықпал ететіндігіне байланысты. Бағалау оқушылардың нәтижелеріне бағытталғанымен, сол нәтижеге жету барысының, яғни оқыту үдерісінің тиімді ұйымдастырылуы назардан тыс қалмауы орынды. Оқыту үдерісінің тиімділігі жоспарлау мен ұйымдастыруға тікелей тәуелді. Дегенмен жекелеген әдістер мен стратегияларды қолдану тиімділікті толық қамтамасыз ете алмайды. Сол себепті сабақты оқушының, мұғалімнің және бірлескен оқытудың күрделі үдерісі ретінде анағұрлым кең көзқараспен қарастырып, оның табыстылығын қамтамасыз ету үшін, сабақты зерттеу тәжірибеге енгізілді. Себебі бұл зерттеудің сыныптағы, мектептегі және мектепаралық деңгейлердегі білім берудің үздіксіз жаңаруы мен жетілуін қолдауға мүмкіндігі бар. Біз сабақты зерттеу «мақсатқа бағытталған» мұғалімдерді оқыту арқылы оқушылардың оқуына әсер етеді деп сенеміз (Vrikki, M., Warwick, P., Vermunt, J. D., Mercer, N., & Van Halem, N. (2017). Teacher learning in the context of lesson study: A video-based analysis of teacher discussions. *Teaching and Teacher Education*, 61, 211–224. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2016.10.014>).

Мектепшілік сабақты зерттеу қалай ұйымдастырылды?